

Шектеу іс-шараларын алу және Алтықарасу ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 24 тамыздағы № 10 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы Алтықарасу ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 2 наурыздағы № 3 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 наурызда № 5326 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес, Темір аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2017 жылғы 07 ақпандағы № 14-01/44 ұсынысы негізінде Алтықарасу ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алтықарасу ауылдық округінің "Шығырлы" қыстағындағы "Сәтжол" шаруа қожалығы аумағында мүйізді ірі қара малдарының арасынан бруцеллез ауруына жоспарлы ветеринарлық сауықтыру жұмыстарының атқарылуына байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары алынсын.

2. Алтықарасу ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 24 тамыздағы № 10 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5047 болып тіркелген, 2016 жылғы 30 қыркүйектегі "Темір" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алтықарасу ауылдық округінің әкімі

М. Шуиншалин